



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

2023 жылдың мамыр айындағы
ҚР өңірлеріндегі инфляциялық үрдістер туралы

2023 жыл, 16 маусым

Қазақстан Ұлттық Банкі ҚР өңірлеріндегі инфляциялық үрдістер туралы деректі жариялады.

2023 жылдың мамыр айында елде **жылдық инфляция** баяулап, **15,9%**-ды құрады (сәуірде – 16,8%). Аймақтар бойынша инфляция барлық 19 өңірде бәсеңдеді. Ал 1 өңірде (Ақмола облысы) бұрынғы 17,6% деңгейіндегі мәнін сақтай отырып, өзгерген жоқ.

Жылдық инфляцияның ең жоғары мәні Ақмола, Маңғыстау және Солтүстік Қазақстан облыстарында тіркелді.

Мамырда **азық-түлік** тауарларының бағасы ж/ж 16,5%-ға дейін (сәуірде – 17,9%) баяулады. Осы топтағы тауарлардың бағасы Маңғыстау облысында (20,7%) барынша жоғары, ал Алматы қаласында (14,3%) мейлінше төмен өсті.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасының өсу қарқыны ж/ж 17,2%-ға дейін баяулады (сәуірде – 18,2%). Ең жоғары мән Астана қаласында (23,6%), ең төмен мән Алматы облысында (14,1%) тіркелді.

Мамырда **ақылы көрсетілетін қызмет** бағасы ж/ж 13,5%-ға дейін баяулады (сәуірде – 13,7%). Бұл ретте жалпы республикалық деңгейден баға Ақмола облысында (18,1%) біршама жоғары, Астана қаласында (10,2%) айтарлықтай төмен өсті.

2023 жылғы мамырда елде **айлық инфляция 0,6%**-ға өсті. Бұл тарихи орташа мәннен (2017-2021 жылдары мамырда 0,5%) жоғары.

Толығырақ: <https://www.nationalbank.kz/kz/news/inflyacionnye-tendencii-v-regionah/rubrics/1977>

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы алуына болады:

8 (7172) 77–52–10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz